

Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 01 сәуірдегі N 60 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Кербұлақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 06 мамырда 2-13-114 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 85 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2011.03.31 N 85 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19-бабының 3-тармағына, 20-бабының 1-тармағына, 18-бабына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы 29 наурызында N 960 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына, негізінде және Алматы облысы әкімінің 2010 жылғы 30 наурызындағы N 36 қаулысына сәйкес, Кербұлақ аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Алматы облысы Кербұлақ ауданы Сарыөзек кенті Құлжабай би көшесіндегі N 6-үй мекен-жайындағы шақыру учаскесінде Кербұлақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі арқылы он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтардың кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізу 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан- желтоқсанында ұйымдастырылсын және қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыру өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сай құрамда қ ұ р ы л с ы н .

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 және 3-

қосымшаларға сай бекітілсін.

4. Ауылдық округтердің әкімдері 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан желтоқсанында өтетін шақыру кезеңінде әскер қатарына шақырылғандарды оларды шақыру учаскесіне шақырылғаны туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

5. Кербұлақ аудандық ішкі істер бөлімі мемлекеттік мекемесінің бастығына (С.Беспәев келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру, Кербұлақ аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөліміне оларға қатысты анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан әскерге шақырушылар мен әскери міндеттілер туралы хабарлау ұсынылсын.

6. Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылдың 16 мамырдағы N 2-13-94 болып тіркелген, "2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және өткізу туралы" 2009 жылдың 03 сәуірдегі N 72 қаулысының күші жойылсын.

7. Осы қаулының орындауың бақлау аудан әкімінің орынбасары Болысбай Тоғысбайұлы Момбаевқа жүктелсін.

8. Осы қаулы жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі *Н. Жантілеуов*
2010 жылдың 01 сәуіріндегі
N 60 "Қазақстан Республикасының
азаматтарын 2010 жылдың
сәуір-маусымында және
қазан-желтоқсанында кезекті
мерзімді әскери қызметке
шақырылуын жүргізуді
ұйымдастырып, қамтамасыз
ету туралы" қаулысына
1-қосымша

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

1. Мекебек Жамауұлы Жамауов - аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы.

Комиссия төрағасы:

2. Марат Нұрмұханұлы Айнабеков - аудандық ішкі саясат бөлімінің бастығы (келісім бойынша).

Комиссия мүшелері:

3. Бекетай Жұматайұлы Алимбаланов - аудандық ішкі істер бөлімінің орынбасары, полиция майоры; (келісім бойынша);

4. Серік Исаұлы Ильясов - Емхана меңгерушісінің міндетін атқарушы, медициналық комиссияның төрағасы;

5. Жанна Құсайынқызы Идиатова - комиссия хатшысы, аудандық орталық аурухананың мейірбикесі.

2010 жылдың 01 сәуіріндегі
 N 60 "Қазақстан Республикасының
 азаматтарын 2010 жылдың
 сәуір - маусымында және
 қазан - желтоқсанында кезекті
 мерзімді әскери қызметке
 шақырылуын жүргізуді
 ұйымдастырып, қамтамасыз
 ету туралы" қаулысына
 2-қосымша

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

N	Ауыл округтерінің атауы	Шақырылғандар саны	Сәуір				Мамыр			
1	Сарыөзек	220	50	50	50	50	20			
2	Қызылжар	80	25	25	25	5				
3	Жоламан	80		25	25	25	5			
4	Шанханай	160	25	25	25	25	25	25	10	
5	Қарашоқы	65	10	10	10	10	10	10	5	
6	Сарыбұлақ	72	10	10	10	10	10	10	10	2
7	Сарыбастау	70		10	10	10	10	10	10	10
8	Талдыбулақ	65	10	10	10	10	10	10	5	
9	Қаспан	74	10	10	10	10	10	10	10	4
10	Алтынемел	81	20	20	20	21				
11	Басши	130	25	25	25	25	30			
12	Жайнақ	110			25	25	25	25	10	
13	Қоғалы	230	40	40	40	40	40	30		
14	Көксу	75					25	25	25	
15	Шұбар	68	10	10	10	10	10	10	8	

2010 жылдың 01 сәуіріндегі
 N 60 "Қазақстан Республикасының
 азаматтарын 2010 жылдың

сәуір - маусымында
қазан - желтоқсанында
мерзімді әскери
шақырылуын
ұйымдастырып,
ету туралы"
3-қосымша

және
кезекті
қызметке
жүргізуді
қамтамасыз
қаулысына

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

N	А у ы л округтерінің атауы	Шақырылғандар саны	Қараша				Қазан			
1	Сарыөзек	90	50			25				15
2	Қызылжар	56		36		15			5	
3	Жоламан	68			30		20			18
4	Шанханай	72	36	15				21		
5	Қарашоқы	52	22		15		10		5	
6	Сарыбұлақ	63		28	15	10	10			
7	Сарыбастау	49	14			18		17		
8	Талдыбулақ	39		19			20			
9	Қаспан	46	26		20					
10	Алтынемел	60	31	29						
11	Басши	71		20	15	10	10			
12	Жайнақ	72			35	22	15			
13	Қоғалы	140	30	10		10	21	30	35	4
14	Көксу	33				15		18		
15	Шұбар	40			20	15		5		